

Акция ережелері «Бақытты төлем үшін 10 000 бонус»

1. Жалпы ақпарат

«Сәтті төлем үшін 10 000 бонус» маркетингтік акциясы (бұдан әрі – Акция) «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС 14.04.2025 жылдан бастап 11.05.2025 жылға дейін өткізіледі.

Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын, соның ішінде «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңын, сондай-ақ «КаР-Тел» ЖШС-нің Жария шартын және төлем ұйымы ретінде «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС-нің ішкі нормативтік құжаттарын ескере отырып әзірленді.

Акцияның қатысушылары бола алады (бұдан әрі – Клиенттер):

- Әрекетке қабілетті жеке тұлғалар – «КаР-Тел» ЖШС Beeline ұялы байланыс операторының 16 жастан бастап абоненттері.
- «КаР-Тел» ЖШС-нің Жария шарт талаптарына сәйкес Beeline мобильді қаржылық сервисі (бұдан әрі – МҚС) қосымша қызметін пайдалану арқылы Жеткізуші және Абонент арасында жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша Электрондық ақшаны пайдаланумен жасалған абоненттер.
- МФЖ қызметі қолжетімді абоненттер.

Акцияға қатысу үшін осы Ережелерде (бұдан әрі – Ережелер) көрсетілген шарттарды орындау қажет. Ережелер Акцияны өткізу шарттарының толық тізбесін белгілейтін жалғыз құжат болып табылады және <https://beeline.kz> сайтында жарияланады.

2. Процестің сипаттамасы:

- 1) Клиенттер акция шарттарын 2025 жылғы 14 сәуірден 11 мамырға дейінгі кезеңде орындайды.
- 2) Акция шарттары орындалған жағдайда клиенттер Simply бонус әмиянына 10 000 бонус ұтысына қатысады.
- 3) Бір қатысушы акция өткізу кезеңінде бонусты тек бір рет қана ала алады. Қайта қатысу және бонус есептеу қарастырылмайды.

3. Акцияның ережелері

Акцияға қатысушылар (кемінде 500 теңге) төлемдерді Beeline мобильді теңгерімінен/Simply әмиянынан [«Janymda»](#) және Simply қосымшаларында, біздің флагмандық дүкендерде, біздің ресми [сайтта](#) немесе серіктестердің сайттары немесе қосымшаларында немесе Google Play платформасында контент сатып алу арқылы жаса алады.

Сатып алу саны неғұрлым көп болса, бонус ұтысына қатысу мүмкіндігі соғұрлым жоғары.

«Janymda (Менің Beeline-ым)»-да Ойындар бөлімінде монеталардың макси-жиынтығын сатып алатын клиенттер үшін – **ерекше жағдай**. Акцияға қатысу үшін клиент 499 теңге көлемінде макси-жиынтық сатып алуы тиіс.

Қатысушы ұсынылған деректердің, соның ішінде бонус есептелетін телефон нөмірінің дұрыстығы мен шынайылығы үшін толық жауапкершілік алады. Қатысушының кінәсінен туындаған қателік (мысалы, нөмірді қате көрсету, Simply жүйесінде тіркелудің болмауы және т.б. қоса, бірақ онымен шектелмей) жағдайында Ұйымдастырушы бонус берілмегені үшін жауапты болмайды.

4. Акция бойынша бонусты алу шарттары

1. Акция аударымдардың барлық түрлеріне (sim to sim, картаға, банк шотына, Halyk Bank банкоматы немесе KazPost бөлімшелері арқылы теңгерімнен шығару, әмияндарға аудару), букмекерлік кеңселерге төлемдерге, теңгерімнен жолақы төлеуге қолданылмайды.

Ерекше жағдай: көлік карталарын толтыру, бұл сервис қатысады.

2. Жеңімпаздар кездейсоқ түрде анықталады. Сатып алу саны жеңіске жету ықтималдығын арттырады, бірақ кепілдік бермейді.
3. Акция аясында әр апта сайын осы Ережелерде және қолданыстағы заңнамаға сәйкес шарттарды орындаған клиенттер арасында бонус ұтысы өткізіледі.
4. Акция өткізу кестесіне сәйкес, апта сайын 400 жеңімпаз анықталады. Әрқайсысына 10 000 теңге көлемінде бонус Simply бонус әмиянына аударылады.

Сатып алуды өткізу кезеңі	Ұтыс ойынын өткізу күні	Бонустерды есептеу күні
14.04.25 – 20.04.25	21.04.25	28.04.25
21.04.25 – 27.04.25	28.04.25	05.05.25
28.04.25 – 04.05.25	05.05.25	12.05.25
05.05.25 – 11.05.25	12.05.25	19.05.25

5. Бонустар электрондық ақша түрінде, төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнама талаптарын сақтай отырып есептеледі. Қатысушы есептелген бонустарды бонус әмиянының функционалдығы шегінде ғана пайдалана алатынымен және олар қолма-қол ақшаға айналдырылмайтынымен келіседі. Есептелген бонустар айырбастауға, үшінші тұлғаларға аударуға және қайтаруға болмайды. Бонустар Simply қызметінің аясында ғана пайдалануға арналған және ақшалай баламасы жоқ.
6. Акция өткізу кезеңі ішінде 1 клиент 1 рет қана жеңіске жете алады.
7. Ұтыс ойыны 4 кезеңде (График бойынша) өткізіледі. Әр кезеңде жеңімпаздар <https://randomus.ru/list> рандомайзерінің көмегімен, белгіленген кезең ішінде төлем жасаған барлық клиенттер арасынан кездейсоқ түрде анықталады.
8. Жеңімпаздарға бонус Simply бонус әмиянына ұтыс өткізілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде есептеледі, егер әмиян алдын ала тіркелген болса. Ұйымдастырушы ашылмаған бонус әмияны немесе дұрыс көрсетілмеген деректер үшін жауапты болмайды.
9. Бонусты алу үшін клиенттің Simply бонус әмияны ашылған болуы тиіс. Егер ол жоқ болса, Simply қосымшасын жүктеп, бонустар аударылатын күнге дейін графикке сәйкес тіркеуден өту қажет.
10. Егер клиенттің нөміріне тіркелген Simply бонус әмияны болмаса, бонус есептелмейді.
11. Бонус есептелген кезде клиенттер SMS арқылы хабардар болады.
12. Апта сайынғы ұтыс нәтижелері <https://beeline.kz> сайтында акция сипаттамасында жарияланады.
13. Егер бұл жағдайлар форс-мажорлық жағдайлардың (телекоммуникациялық немесе қаржылық жүйелердегі ақаулар, табиғи апаттар, мемлекеттік органдардың әрекеттері және Ұйымдастырушының еркіне байланысты емес өзге де мән-жайлар) салдарынан туындаған болса, Ұйымдастырушы Акцияға қатысу мүмкін еместігі немесе бонус есептеу мүмкін еместігі үшін жауап бермейді.
14. Ұйымдастырушы келесі жағдайлар үшін жауапты емес:
 - үшінші тұлғалардың әрекеттері (қызмет жеткізушілерді, байланыс операторларын, қосымша провайдерлерін және басқа серіктестерді қоса);
 - Қатысушы немесе Серіктестер тарапындағы техникалық ақаулардың салдарынан Акцияға қатыса алмау;
 - қатысушы ұтыс туралы хабарламаны Ұйымдастырушыға байланысты емес себептермен ала алмаған жағдайлар (мысалы, нөмірдің бұғатталуы, SMS қабылдаудан бас тарту және т.б.).

5. Өзге шарттар

1. «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС акция бойынша бонус ұтып алған тұлғаға табыс салығы есептелген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес есептілікті уақытылы тапсыру және табыс салығын бюджетке төлеу үшін жауапты болады.
2. Акцияға қатыса отырып, Клиент осы Ережелермен, оның ішінде дербес деректерді өңдеу және бонустарды алу шарттарымен толық танысқанын және келіскенін растайды.

3. Акцияға қатыса отырып, Клиент Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, акцияға қатысу және бонус есептеу бойынша Ұйымдастырушының міндеттемелерін орындау мақсатында өзінің жеке деректерін жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім береді. Жеке деректерді «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС және/немесе тиісті құпиялылық туралы шарттар жасалған уәкілетті үшінші тұлғалар өңдейді.
4. «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС Ережелерді бұзған жағдайда Клиентті акциядан шеттетуге, сондай-ақ мониторинг нәтижелері бойынша, немесе теріс пайдалану, ережелерді бұзу, техникалық шектеулерді айналып өту әрекеттері немесе автоматтандырылған құралдарды қолдану анықталған жағдайда, бонусты беруден бас тартуға құқылы.
5. Бас тартылған және қайтарылған транзакциялар акцияға қатыспайды.
6. «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС қызметкерлері және олардың жақын туыстары (жұбайы, балалары, ата-анасы) акцияға қатысуға құқылы емес. Аталған тұлғалардың Акцияға қатысуы жүлдені жарамсыз деп тануға негіз болады.
7. Ұйымдастырушы акция шарттарын біртараптан өзгертуге, уақытша тоқтатуға немесе мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Бұл туралы ресми сайтта <https://beeline.kz> жариялау арқылы қатысушыларға хабарланады. Өзгерістер жарияланған сәттен бастап күшіне енеді. Қатысушы жарияланған сәттен бастап хабарланған деп есептеледі.
8. Қатысушы ұтыс нәтижелері жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша өтініш беруге құқылы. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен өтініштер қаралмайды. Өтінішке жауап 10 (он) жұмыс күні ішінде беріледі.
9. Қатысушы Ұйымдастырушының атына жазбаша хабарлама жолдау арқылы бонустан бас тартуға құқылы. Бас тарту жағдайында бонус басқа қатысушыға қайта есептелмейді. Бонус алу ҚР Салық кодексіне сәйкес салық салуға жатуы мүмкін. Ұйымдастырушы заңнамада көзделген жағдайларда табыс салығын ұстап қалуға және аударуға құқылы.